

Кемеңгер Жазушыны


ШЫМКЕНТПЕН НЕ БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ?

Шымкент қаласындағы іргелі оқу ордасының бірі Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті десек, сол университетте ұлт руханиятына қал-қадірінше қызмет етіп келе жатқан орталық бар. Ол – «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы.

Бүгінгі сұхбатта осы орталықта хәкім Абай мен Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын, артына қалдырған рухани мұрасын зерттеп жүрген жас ғалым, PhD, абайтанушы, әуезовтанушы Әзімхан ИСАБЕК өзінің ұстаздарымен бірге жүргізген ғылыми ізденістерінің нәтижелері жайлы әңгімелейді.

— Әзімхан Үсенұлы, осы кезге дейін Ұлы Абайдың туындылары оқырманға шағатай тіліндегі түпнұсқасында емес, қазіргі қазақ тілінде ұсынылып келгені рас. Ұстазыңыз Ақжол Қалшабекпен бірігіп Сіз жарыққа шығарған дүниенің бірі – Абайдың 38-інші қара сөзін тәпсірлеген «Кітап тасдиқ» қалың оқырман арасында үлкен қызығушылық тудырды. Мұндай қадамға баруға Сіздерге не түрткі болды?

— Иә, сұрағыңыз орынды. Әлі күнге дейін Абай атамыздың 45 қара сөзі бар деп айтып келеміз. Сол 45 қара сөздің ішінде 38-інші қара сөзі басқаларға қарағанда ең көлемдісі,



Сың сенің жасыңдағы адамдар осында тұрды. Шымкент қа-



Фильмде Қайым Мұхамедханов, Тұрағұл атамыздың қызы Мәкен апамыз жылап отырып «Шымкентте ағам жатыр, жеңгем жатыр, осыларға арнап бір тас қойып қойса болады ғой», - дейді. Тасты сол фильмнен кейін орнатқызған. Тасқа Абай ұрпағының қай мазаратта жерленгендігі, қай жақта қайтыс болғандығы қашап жазылған. Тұрағұл ұрпақтарының тағдыры осындай.

Мәкен апамыздың қызы Сәуле деген апамыздың көзі тірі, қазір 70-герді алқымдап отыр. Алматыда марқұм Мұрат Әуез ағамыздың 40-күндік асы берілгенде Сәуле апамызды көрдік. Біздің орталықта тұрған мәрмәр тастың суретін көрсетіп едік, көзіне жас алды. «Менің анамнан қалған ескерткіш еді. Рахмет сіздерге. Соны сақтаған екенсіздер ғой» деді. Мәкен апамыздың қызымен осылайша берік байланыс



сол әулетпен туыстық байланысын үзбеді, бас тартпады. Әйтпесе, 30-шы жылдардан кейін Тұрағұлдың атын атау

жөнелткені естелігінде айтылады. «Менің қолымда қайтыс болды», - дейді.

Әкесінің жағдайы барған сайын қатты нашарлағанда, Мәкен оның үстіне жыламсырап құлап, «Аға, мені де тастап кетіп бара жатырсың ба? Мені жетім-жесір етіп, кімге тастап барасың? Көзімді жаутаңдатып, енді мен кімге арқа сүйеймін» деген екен. Сонда Тұрағұл «Сен мені өлмесің, мені өлмесің дегенің, маған жамандық тілегенің ғой. Мен сенің қолыңнан өліп алайын. Ертең тарихта өте қиын жағдайлар күтіп тұр», - дейді. Алдағы күндердің зобалаңын сезген болып тұр ғой.

1935 жылдан бастап 38-ші жылға дейінгі қазақ даласындағы қуғын-сүргіннің ушығатынын болжап отыр.

—Ахмет Әуезов жайында не айта аласыз?

—Ахмет Әуезов туралы ол кісінің «Бала Мұхтар», «Жас Мұхтар» естеліктері тұрғысынан ғана айта аламын. Өйткені, Ахмет атамыздың Мұхтар Әуезовтей әдебиетте шоқтығы биік, айтулы қаламгер болмаса да, мұхтартану ғылымында өзіндік орны бар тұлға. Жаңа айтып өткендей, ол да Тұрағұлдың жерлеуіне қатынасқан. «Түнде апарып қойып келдік», - дейді «Химфарм» төңірегіне.

Ахмет Әуезовтің Жақыпбек Аяшев арқылы жеткен керемет естеліктерінен Мұхтардың кім болғаны, бала Мұхтардан орта жастағы Мұхтар қандай болғаны айқын аңғарылады. Құнанбайдың бір тамаша сөзі бар (бұл сөзді Әуезовтің 1958 жылғы Азия-Африка жазушылары конференциясындағы баяндамасынан кездестіреміз): «Көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік. Екеуінің айырмасы төрт-ақ елі». Көптеген адамдар естігенін жазуы мүмкін. Ахметтің ерекшелігі — көргенін жазды. Ол естелігінде өздерінің арғы ата-бабалары, Әуезовтер әулеті, отбасылық құндылықтар жайлы керемет сөз қозғайды. Осы тұрғыдан алған кезде, естелікте белгілі бір деңгейдегі Мұхтар Әуезовтің өмірін өрнектеуде, өмірін айшықтауда Ахмет Әуезовтің еңбектері ерен.

ішінде 38-інші қара сөзі басқаларға қарағанда ең көлемдісі, ұзақ әрі тілі де ауырлауы. Оны кез-келген адам бірден оқып, түсініп кете алмайды. Сондай бір ерекше қара сөзді маған ұстазым, филология ғылымдарының кандидаты Ақжол Қалшабек дипломдық жұмыс ретінде талсырды. Біз оған дейін Абайдың әкесі Құнанбай қажының тұлғалық бейнесін зерттеп жүрдік. Кейін маған бірден осы тақырыпты ұсынғанда қорқыныштың болғаны да рас.

Отыз сегізінші қара сөзді көп ғалым зерттеді деп айта алмаймыз, бірді-екілі мақала ғана бар. Көп зерттеу жасай бастадық. Бір әдебиетшілер «38-інші қара сөзден 50 беттік дипломдық жұмыс жазу деген қиын ғой. Неге бұл тақырыпты аласың?» десе де қайтпадық. Өйткені, 38-інші қара сөзге ғылыми объекті ретінде арнайы бір үлкен зерттеу жүргізілмеген еді. Кандидаттық диссертация, докторлық диссертация қорғалмаған тақырып. Біз алғашқылардың бірі болып осы тақырыпқа тіс батырдық. Алғашында дипломдық жұмыс жазып шықтым.

Кейіннен профессор Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, былтыр ғана арамыздан кеткен Мекемтас Мырзахметұлы атамызға дипломдық жұмысымды оқыттым. Ақжол Қалшабек ұстазым «Мекемтас ағаға барып, пікірін алсаң», - деді. Оған дейін де Мекемтас атамен үнемі хабарласып, байланыста едім. Десе де дипломдық жұмысымды алып баруға жүрексінгенім рас. Абайтанушы үлкен ғалымның пікірін білу үлкен бақыт. Жүрексінем де дипломдық жұмысымды апардым. Алғашқыда ол кісі «Бірнеше күннен кейін өзім хабар беремін», - деді. Кейін арада уақыт өткенде үйіне қайта бардым. «Ата, жұмысымды қарап шыға алдыңыз ба?», - дегенімде, ол кісі «Түгел, бастан-аяқ оқып шықтым. Мына жұмы-

сың сенің жасыңдағы адамдар ойланатын жұмыс емес, өте жоғары деңгейде жазыпсың. Ізденгенің көрініп тұр», дегенде қатты толқыдым. «Мұны әрі қарата, магистратурадағы тақырыбың ретінде жалғастыруға қалай қарайсың?», - деп ұсыныс та білдірді. Содан 60 беттік дипломдық жұмысымды сәтті қорғадым. Университетті аяқтадым.

2018 жылы магистратураға оқуға түстім. Магистрлік диссертация ретінде сол Абайдың 38-інші қара сөзін қайтадан тақырып етіп бекіттім. Алғашында дипломдық жұмысымның тақырыбы «Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасындағы лингво-поэтикалық ерекшеліктері» болды. Магистратурадағы тақырыбымды кішкене өзгерттім. Кішкене түзету жасадық. Кейін «Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасындағы лингво-поэтикалық мәселелер» болып сәл-сәл өзгергені болмаса, 38-інші қара сөзден ауытқыған жоқпын. Артынша магистрлік диссертация қорғадым, одан ұстазым екеуміз екі кітап шығардық.

— Абайтанушы ретінде Ұлы ақынның ұрпақтары туралы деректерге қанық боларсыз. Әсіресе, көпшілікті қызықтыратыны - Тұрағұлдан тараған ұрпақтардың жайы. Ол туралы сізде қандай деректер бар?

— Абай атамыз дүниеден озғаннан кейін қазақ тарихында үлкен бір кезеңдер, соның ішінде Алаш кезеңі басталды. Ұлы ақынның ұрпақтары қудалауға ұшырады. «Байдың тұқымы» деген таптық-феодалдық психологиясы басым қоғам Абайдың әулетіне зор соққы әкелді. Ақын ұрпақтары туған жерден ауып әр өңірге, тіпті шетелдерге бас ауып кетті. Абай атамыздың ұлы, «Алаш» партиясының құрамында болған Тұрағұл атамыз Шымкент қаласына жер аударылды. Өмірінің соңына дейін

осында тұрды. Шымкент қаласындағы Химфарм зауытының төңірегіне жерленді. Тұрағұл атамыз 1934-інші жылы қайтыс болған. Сол жылғы бір деректе «Жасырын түнде апарып жерлеп келдік» делінеді. Мұхтар Әуезовтің бауыры Ахмет атамыз да сол жерлеуге қатысқан екен.

Зерттегенімізде, Шымкентте тек қана Абайдың Тұрағұл деген баласы ғана емес, одан бөлек келінінің, немересінің жерленгенін анықтадық. Сонда Абай атамыздың үрім-бұтағынан Тұрағұлдан бөлек 4 адам Шымкентте жерленгенін білдік. Олар — немере келіні Дәмежан, немере келіні Кәмәлия, өзінің келіні, Тұрағұлдың өзі, Ақылбайдың ұлы Әубәкір. «Химфарм» зауытында 30 жыл уақыт бойы сақталып келген мәрмәр белгі тасты өзімізге алдырдық.

2020 жылы Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойы өткенде оның Шымкентте жатқан ұрпақтары туралы зерттей бастағанымызда «Химфарм» зауытынан маған бір жігіттер хабарласты. «Біз де мәрмәр тас бар, мәрмәр тасты осы Абай атамыздың немересі, Тұрағұлдың қызы жасатқан», - деді. Ұстазым Ақжол Батырұлы екеуміз барып көріп қайттық. Кейін қатынас қағаз жазып, өзара байланыс орнатып, «Химфарм» зауытына алғыс айтып, 2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдығында осы тасты ОҚЗУ-нің Мұхтартану орталығына алдырттық. Содан бері ол белгі тас осы орталықтың иелігінде тұр.

Ал, Тұрағұлға келсек, ол — қазақтың керемет қайраткерлерінің бірегейі. Күйшілігі, аудармашылығы, ақындық қабілеті мықты болған. Абай атамыздың мерейтойы 1995 жылы елімізде, одан қала берді, ЮНЕСКО-ның деңгейінде аталып өтілген кезде, белгілі кинорежиссер ағамыз Сергей Азимов «Мен Абайды әке деймін» деген деректі фильм түсірді.

деді. Мәкен апамыздың қызымен осылайша берік байланыс орнатқан жайымыз бар.

Абай атамыздың Тұрағұлдан тараған ұрпақтың Шымкент қаласында өмір сүруі, Тұрағұлдың Шымкент қаласында мәңгілікке қалуы, одан басқа Дәмежан апамыздың, Кәмәлия апамыздың Әубәкір атамыздың, Абай ұрпақтарының бәрі Шымкент қаласында жерленгені — тарихи уақиға. Орайы келгенде Абайдың немере келіні, Абайды ақтық сапарға шығарып салған Кәмәлия жайына сәл тоқталып өтейін. Мағауия қайтыс болғаннан кейін жаңағы Кәмәлияны шақырып алып, жағдайы қатты нашарлаған кезде, «Қарағым, Кәмәш, енді мен сендердікі емеспін. Сендер дайындала беріндер» деген екен. Кәмәлия Ташкент трассасының бойындағы Қасқа зиратында жерленген.

— Тұрағұлдың қызы Мәкеннің жұбайы Ұлықбек Мұхамеджанов туралы не айтар едіңіз...

— Өте-өте қызық дерек бұл. Мәкен апамыздың естелігінде «Ұлықбек Мұхамеджанов заң саласының маманы болған, қудалауға ұшыраған» делінеді. Мұхтар Әуезов Шымкент қаласына 5 мәрте ат басын тіреген. «Неге жиі келген?» деген сұраққа жазушының ұлы Мұрат ағамыз: «Өзінің бабаларының шыққан жеріне, топырағына тағзым ету үшін келді» дегенді. Сондай келістің бірінде Мұхтар атамыз пединститутта кездесу өткізеді. Сол кездесуге Ұлықбек Мұхамеджанов, Мәкен апаларымыз да қатысыпты. Суреттері сақталған. Мәкен апамыз өзінің естелігінде «Менің саған зияным тиіп кетуі мүмкін. Абайдың ұрпағымын деп айттым. Соған қарамастан Шымкент сапарына мені ертіп алды» дейді.

Ұлықбек Мұхамеджанов қудалауға түскен Абай әулетінен қашса да болатын еді. Қашқан жоқ. Сол кездегі қазақтың алақұла жағдайына қарамастан,

Әйтпесе, 30-шы жылдардан кейін Тұрағұлдың атын атау мүмкін болмаған (тіпті «Абай жолы» роман-эпопеясында Тұрағұлды бейнелеуге Мұқаңның дәті бармады). Тұрағұл халық жауы саналатын. Мәкен апамыз Абай әулетінің көнекөз, құйма құлағы дерсің. Бір өзі — бір мектеп, ұлы ақынның ел білмейтін деректерін, ұрпақтары туралы мәліметтерді айтып кетті. Абай әндері нақышына келтіріп орындағаны тағы бар.

Біздің орталықта сақталған мәрмәр тастың өзі — Мәкен апамыздан қалған көз. Сергей Азимов ағамыз түсірген фильмде Мәкен апамыз «Мен Абай ішінде керек болмай қалам ба деп қорқам», - дейді. Мұраға, аманатқа адалдық танытқан жанға Ұлықбек ағамыздың да еш ойланбастан, бір ауыз сөзге келмей, үйленуі сол заманда ерлікпен пара-пар шешім еді.

Біз «Мұхтар Әуезовтің Оңтүстікке сапары» деген кітапты жарыққа шығардық. Бұл кітап та тез таралып кетті. Сонда Мәкен апамыздың, Мұхтар Әуезовтің, Кәмәлияның, Ұлықбек Мұхамеджановтың түскен суреттері бар. Абай әулетіндегі ең бір шоқтығы биік, маңдайалды тұлғалар ретінде тарихта хәм абайтануда Мәкен апамыз да, Ұлықбек атамыз да қалып тұр. Өйткені, Абайды бүгінге жеткізуге себепші болған да осылар.

— Олар қайда жерленген?

— Бір деректе Ұлықбек атамыз Сарыағаш қаласында жерленді деп айтылады. Себебі, ол кісілердің бәрі Сарыағашта тұрған. Мәкен апамыз 2000-жылдардың басында Астанаға көшіп кетті дейді. Қателеспем, ол кісі Астанада дүние салды, сол жақта жерленді-ау. Бірақ олардың өмірі тарихи тұрғыда Шымкентпен, Оңтүстік өңірімен тікелей байланысты. Тұрағұл атамызды Мәкен апамыздың өзі қолымен

завтың еңбектері ерен.

— Университеттегі орталықтың Мұхтар Әуезовтің 130 жылдық мерейтойына дайындығы қалай жүруде? Қандай іс-шаралар қолға алынбақшы?

— Өте орынды сұрақ. 130 жылдыққа дайындық қазір қызға түскендей. Қолжазбалармен жұмыс істеудеміз. Қолжазба күйінде жаңа еңбектеріміз жарық көретін болады деп отырмыз. Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті — білімнің қасиетті қара шаңырағы. Университет қабырғасынан «Мұхтартану» зерттеу орталығы 2018 жылы ашылғалы бері бірқатар игі шараларды жүзеге асыруда. Абайға да, Мұхтарға да өте тың дүние арнауадымыз. Биыл бұл орталық трансформацияланып, бүгінде «Абайтану және мұхтартану орталығы» болып өзгертілді. 2022 жылы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы кең көлемде аталып өтілді. Біз өз тарапымыздан «Мұхтар Әуезовтің Оңтүстікке сапары» деген кітапты басып шығардық. Бұл оқырмандар арасында үлкен сұранысқа ие, шоқтығы биік, керемет кітап болды. Өйткені Мұхтар Әуезовтің өзі Оңтүстікке 5 мәрте келгенін жоғарыда айттым. Неге ол кісі Үндістанға, ГДРға, Чехословакияға, Жапонияға, АҚШ-қа 5 мәрте бармаған? Себебі, ол кісінің негізгі шыққан тегі, тамыры осында. Созақ, Шаян, Түркістанда Мұхтар Әуезовтің арғы ата-бабалары мекен еткен. Сол себепті еңбектеріміз, зерттеулеріміз осы бағытты қамтитын болады. Алла нәсіп етсе, 130 жылдықта жақсы дүниемізбен халықты қуантамыз деп ойлаймын.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Бекжан БЕКТЕҢБАЙ,
М.Әуезов атындағы
ОҚЗУ ІІ курс студенті